

FTAMP 03.61.00

<https://doi.org/10.26577/JH.2022.v104.i1.13>**С.С. Бекешов** ХБК. Қазақ Бас сәулет-құрылыс академиясы, Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: bekeshov_sarsen@mail.ru

XVIII ғ. АЯҒЫ – XX ғ. БАСЫНДАҒЫ АҒАШ ОЮ ӨНЕРІНІҢ ОРТАҚ СИПАТТАРЫ

Мақалада Қазақ халқының дәстүрлі ағаш ою өнері халқымыздың заттық және рухани мәдениеті қарастырылады. Ағаштан түйін түйетін шеберлерді халық арасында «үйші», «ерші», «арбашы», «ұста» деп атаған. Сонымен қатар ағаш шеберлер үй бұйымдарын, шаруашылық құрал – саймандар жасай білген. Ағаш шеберлер бұйымды ұқсату барысында – жазықрельефті, геометриялық, екі, үш жақты қырлап оймыштау әдістерін қолданған. Зерттеу барысында XVIII ғ. аяғы – XX ғ. басындағы ағаш ою өнерінің ортақ белгілерін басымдық беріп, Қазақстандағы музейлердегі зерттеуші-суретші ретінде қарастырып, осы күнге дейінгі сақталған ағаш бұйымдардың ұқсатылған, оймышталған, ою-өрнектердің орналасуы сараланады. Олардың шығармашылық мұралары – тұрғын үйлер, тұрмыстық бұйымдар, ыдыс-аяқ, шарушылыққа қатысты бұйымдар да көрініс тапқан. Арнайы зерттеу нысаны болып табылатын жәдігерлер ғылыми ізденістің негізі болып табылады. Зерттеу нысандары болып музей, кейбір тұрғындардың қолында бар бұйымдардың оймыштау әдістері мен тәсілдері, қолданыста болған шеберлердің құрал-жабдықтарын қарастырылады. Ағаш оймыштау өнерін зерттеу тарихын талдау және олардың зерттелу дәрежесін бағалау, түсіну, ескі жәдігерлерді қалпына келтіру, әрі зерттеудің негізгі мәселелері мен міндеттерін анықтауға мүмкіндік берді. Мақалада ағаш оймыштау өнері тұтас, қазақтың дәстүрлі мәдениеті ауқымды, оның дамуының басты салалары шаруашылық – тұрмыстық бұйымдарды өрнектеу, ұқсату, оймыштау тұрғысыған қаралады.

Түйін сөздер: тұрғын үй, орыс үлгідегі баспана, үй жиһаздары, ағаш, өрнектеу, оймыштау, қазақ, қолөнер бұйымдары, рельефті оймыш, көшкебеже.

S.S. Bekeshov

IEC. Kazakh head architectural and constructional academy, Kazakhstan, Almaty
e-mail: bekeshov_sarsen@mail.ru

General features of the art of wood carving of the late XVIII – early XX century

It can be said that the traditional art of wood carving of the Kazakh people is the continuity of the subject and spiritual culture of our people. Among the people, masters of wood carving were called “household members”, “carts”, “blacksmiths”. In addition, carpenters were able to make household items, household equipment. The woodworkers used flat-relief geometric, two- and three-sided engraving when processing the product. In the course of the study, the general features of the art of wood carving of the late XVIII – early XX centuries are highlighted, they are considered as research artists in museums of Kazakhstan, schematic, engraved, ornamental images of wooden products preserved to this day are differentiated. Their creative heritage includes dwellings, household items, dishes, customs and rituals. The exhibits, which are the subject of special research, are the basis of scientific search. The objects of research are the museum, methods and techniques of engraving products available to some residents, equipment of used craftsmen. The article discusses the art of wood carving in general, the scale of the Kazakh traditional culture, the main areas of its development are embossing, processing, engraving of household products.

Key words: housing, Russian-style housing, home furniture, wood, embossing, engraving, Kazakh handicrafts, relief carving.

С.С. Бекешов

МОК. Казахская головная архитектурно-строительная академия, Казахстан, г. Алматы
e-mail: bekeshov_sarsen@mail.ru**Общие черты искусства резьбы по дереву конца XVIII в. – начала XX в.**

Можно сказать, что традиционное искусство резьбы по дереву казахского народа – это преемственность предметной и духовной культуры нашего народа. В народе мастеров по резьбе по дереву называли «домочадцами», «повозками», «кузнечиками». Кроме того, столяры умели изготавливать предметы домашнего обихода, хозяйственный инвентарь. Мастера по дереву применяли при обработке изделия – плоскорельефную, геометрическую, двух-, трехстороннюю гравировку. В ходе исследования выделяются общие черты искусства резьбы по дереву конца XVIII – начала XX в., а также рассматриваются как художники-исследователи в музеях Казахстана, дифференцируются схематические, гравированные, орнаментальные изображения сохранившихся до наших дней деревянных изделий. Их творческое наследие – жилища, предметы обихода, посуда, обычаи и обряды. Экспонаты, являющиеся предметом специального исследования, являются основой научного поиска. Объектами исследования являются музей, методы и приемы гравировки изделий, имеющихся у некоторых жителей, оборудование бывших в употреблении мастеров. В статье рассматривается искусство резьбы по дереву в целом, масштаб казахской традиционной культуры, главными сферами ее развития являются тиснение, переработка, гравировка хозяйственно – бытовых изделий.

Ключевые слова: жилье, жилье русского образца, мебель для дома, дерево, тиснение, гравировка, казахские, ремесленные изделия, рельефная резьба.

Кіріспе

Жұмыстың зерттелу нысаны қазақ халқының ағаш өңдеу, ұқсату, оймыштау өнері XIX ғасырдың II- жартысынан XX ғасырдың бас кезеңдері жатады. Өнердің осы түрімен Қазақстанның барлық дерлік аймағы айналысты. Шеберлер үй жиһаздарын әсемдеуде небір көркем тәсілдерді меңгеріп, өрнектеуді жетілдіре түсті. Бұл кезеңде әсіресе үйшілік өнері, яғни ағаш үй сүйектерін, үй жиһаздары мен ыдыс-аяқ түрлерін жасау айрықша қарқын алды. (Арғынбаев, 1987).

Қазіргі таңда Орталық, облыстық, мектеп музейлерінде сақталған жәдігерлер негізгі зерттеу нысаны болып табылады. Қазақстанның кейбір аймақтарында ағаш тапшылығы болса да, бұл өнерден қол үзіп қалған жоқ. Ағаш шеберлері қажетті шикі затты көрші елдерден алдырып, қайта өңдеп отырған. Соның ішінде ағаш сүйегі (шаңырақ, кереге, уық, сықырлауық) Бесқала жерінен алдырып, Маңғыстау жерінде «Адай киіз үй» пайда болды.

Осылайша қазақ жерінде кәсіби ағаш шебері, ұста пайда болды, шеберлер күнделікті тұрмысқа қажетті бұйымдар (сандық, кебеже, әбдіре, табак, ожау, келі-келсап, күбі, піспек) жасап отырды. Даулетті адамдар арнайы ағаш шеберлеріне сүйектелген, күрделі оймышталған, күміс шегелермен көркемделген қыз жасауларына тапсырыс беріп отырды (төсек ағаш, аса-

дал, кебеже, жүк аяқ, қос шөмішті сүйектелген ожау, үлкенді, кішілі тегене, ас салатын шұңғыл табак).

Облыс орталықтарындағы музейлерде кездескен ағаш бұйымдардың басым көпшілігі, жоғары талғаммен жасалған жәдігерлер. Бұл жәдігерлер қазақ мәдениеті туралы құнды мәлімет бере отырып, тәрбиелік мәні орасан деп айтуға болады. Кезек күттірмейтін мәселе, осы ағаш бұйымдардың көшірмесін алу.

Материалдар мен әдістер

Р. Карутц осы еңбегінде XIX ғасырдағы Маңғыстау қазақтарының көп қолданған бесігіне, оның жеке бөлшектерінің безендірілуіне де кеңінен тоқталады. Аталған еңбегінде Р.Карутц 1850 жылы Оралдан жасатып әкелінген киіз үйдің маңдайшасындағы және қос есігіндегі оймышталған қошқар мүйіз өрнегінің орналасу нұсқалары тік немесе бір-біріне қарама-қарсы қаратылуын және жоғарыдан төмен шиыршақталып төрт (айқыш) крест түріндегі мүйіздердің орналысы туралы айтады (Карутц, 1910в:175)

XIX ғасырдағы қазақтардың киіз үйі, оның сүйектері мен жиһаздары, сондай-ақ ыдыс-аяқтарға осы өлкеде айдауда болған Б. Залесский де өз еңбегін арнаған (Залесский, 1991)

Автор өз еңбегінде қазақ өнеріндегі ерекшелікке де азғана тоқтала кетеді. Қазақтар

үшін ер-тоқымның орны және оның символдық белгілері, мән-мағынасы тоқталады. Ағаш шеберлерінің ішінен ер жонатын шеберлерді – ершілер деп атайды. Ер жасауға тоқталу керек. Ершілер тапсырып берушінің талғамына сай түрлі безендіру тәсілдерін қолданған, ең алдымен ағаштың сапасымен түрі есепке алынады. Бай-болыстар, ел ағалары ер-тоқымның қазақтар үшін барлық байлықтың белгісіндей безендіріліп, ердің алдыңғы қасына көбіне күміс текшелер әшекейлеп өріліп, кең тараған дәстүрлі өрнектермен безендірілгенін және қыс кездері ағаш үзеңгі пайдаланылатынын сүйсіне жазады. 1881 жылы Мәскеуде өткен Бүкілресейлік өнеркәсіп – қолөнер көрмесіне Семей облысының Қарақаралы, Павлодар, Семей, Өскемен уездеріндегі ісмер қазақтардың ағаштан жасаған ыдыс-аяқ, құйысқан, өмілдірік, әсем бедерленген ер-тоқымдары қойылды. Осы көрмеде алқа мүшелері “қазақ ыдыстары мінсіздігімен, әсем өрнегімен ерекше көзге түсті”, деп көрсетті. XIX ғасырдың екінші жартысында қоныс аударушы орыс шаруаларының ықпалымен қазақтар тұрмысында жаңа бұйымдар мен үй жиһаздары пайда болады. Соның бірі – төсекағаш. Әрине, көшіп-қонуға ыңғайлы, жиналмалы, аздап бүгілген, арқалығы жоқ төсекағаш. Бұрын да болған. Қазақтар енді тек жанында биік арқалығы бар, майлы бояумен ою-өрнек салынған. Бұйымның келесі бір түрі орыс халқының темір кереуетінің үрдісімен Алматы облысының, Балқаш ауданының, Жиделі ауылының бір отбасының үйінен кездестірдік. Үй иесінің айтуы бойынша орыс үлгідегі ағаш кереует XIX ғасырдың аяғында жасалған. Ағаш кереует бірнеше бөліктерден құрастырылған.

Нәтижелер және талдаулар

Әрбір аймақтан бірнеше өнер саласын бірдей меңгерген шеберлер шықты. Осы дәуір шеберлерінің қолынан шыққан небір қолөнер туындылары бүгінде облыс орталықтары мен Орталық Мемлекеттік мұражайларда әлі де сақталып отыр. Кейбір бірлі-жарым бұйымдар жекелеген адамдарда да сақталған. Дегенмен, негізінен олар археологиялық, этнографиялық және мемлекеттік мұражайларда орын алған. Бүгінде Қазақстан музейдегі жәдігерлер көркемделуін зерттей келе ағаштан ұқсатылған бұйымдардың қасбетін, қақпақтарын, есіктерін көркемдеудің бірнеше түрлерін аңғаруға болады. Зерттеу барысында Батыс Қазақстанда

бұйымдардың оймыштау әдісі бұр түрлі болса, Орталық Қазақстанда, Оңтүстікте мүлдем басқаша. Кейбір бұйымдарда ағаштан оймышта тік ойылып келсе, ал кейбірінен үшкілденіп келген жатық оймыш кездеседі (Egizbayeva, Zhumatayev, 2014).

Еуропалық саяхатшылар Қазақстанның кейбір аудандарында жүрген сапарларында мынадай тұжырымдар жасаған: “Второй половины XIX века, содержатся некоторые общие сведения о декоративно – прикладном искусстве казахов. Однако почти все эти работы носят сугубо этнографический характер. Описывая быт, жилище, одежду, утварь, домашние художественные ремесла, их авторы орнаменту уделяются не много места” (Янушкевич, 1966).

Орыс халқының қазақ жеріне жаппай қоныстану салдарынан күнделікті тұрмыста көптеген өзгерістер енді. Көшпелі халықтың отырықшылыққа бейімделуі салдарынан “орыс қысқы тұрақтары” тұрғызыла бастады. Үй жайлар көбінесе ағаш бөренелерден қиюластырылып, үшбұрышты шатырлар салу кең өріс алды. (Гладионов, 1999).

Н. Харузин “В XVIII и начале текущего столетия киргизы представляли еще совершенно кочевое население, причем, переход к зимовкам начался прежде всего у западных киргизов, в частности среди тех, которые вместе с ханом Букеем перешли в пределы Европейской России” деп жазады (Харузин, 1896). Осылайша, қазақ халқында тұрғын үй мәселесі бой көтеріп, бұл үрдіс әрі қарай жалғасын тауып, тұрғындар біртіндеп қыс мезгілінде “орыс үлгідегі” тұрақтарға ауыса бастады. Я.В. Ханьков өз еңбегінде “Если Джангир до “избрания” его ханом (1825 г.) вел кочевую жизнь и жил зимой в кибитке, то зиму 1825 г. он провел уже в выстроенном для него по распоряжению русского правительства деревянном доме” – деп көрсетеді (Маргулан, 1986: 256).

Енді Қазақстанның облыс орталықтарындағы және мемлекеттік мұражайларда сақталып, бүгінгі күнге жеткен ағаш бұйымдарының ерекшелігі мен ұқсастықтарына және оймыштау түрлеріне келейік. XVIII – XIX ғасырлардағы жәдігерлерге қатысты мәліметтерді біз алғаш бір кездері қазақ даласынан сыйға тартылған немесе жиналған Санкт-Петербургтегі Эрмитаждан кездестіре аламыз. Мәселен, Санкт-Петербургтегі Эрмитажға XVIII-XIX ғасырларда шеберлердің қолынан шыққан қолөнер жәдігерлерді Ақмола облысы қазақтарының бұйымдарын атбасарлық

М.Жанайдарұлы сыйға тартқан болатын. Мұражайға тапсырылған күміс пластикалар мен әсем ағаштан жонылған тостаған, бүтеу ағаштың ұрығынан ойылған саптыаяқ, қымыз пісетін піспек, қаз қойын іспетті тұтқасы бар ожаулар сол күйі сақталған. (Ибраева, 1994)

Сондай-ақ, Бөкей ордасының ханы Жәңгір патшаға 1827 жылы сыйға тартқан сегіз қанатты, әсем безендірілген киіз үйі де осы Санкт-Петербургтегі Эрмитажда. Сонымен қатар, Эрмитаж қорында Ақмола, Атбасар және Көкшетау далаларында рельефті оймышпен ойылған кебежелер де қойылған (Махова, Чепелевецкая, 1959).

Аталған кезеңге жатқызылатын кебежелер республикалық орталық және облыстық мұражайларда да сақталған. Орталық мұражайдан үшбұрышты, төртбұрышты етіп қаптап жасаған сүйек пластикаларды және онда Батыс Қазақстан шеберлерінің кебежелерін кездестіруге болады (Карутц, 1910а:79).

Ескі кебежелер, әсіресе XIX және XX ғасыр басындағы бұйымдар облыс орталықтарындағы мұражайда да кездеседі. Мәселен, Шымкент қаласындағы тарихи өлкетану мұражайына 1980 жылы Шәуілдір селосының тұрғыны тапсырған “көшкебеже” сақталған. Осы ғасырға жататын келесі бір көшкебежені де сол жылы облыстық мұражай қызметкерлері сатып алған. XIX ғасырдың ағаш бұйымдары еліміздің Орталық мемлекеттік мұражайларында да кең орын алған. Мәселен, 1877 жылы Ақмоладағы көрмеге қойылған ағаш ыдыстар, оның ішінде қымыз құятын ыдыстар, күміс пластинкалармен болмасы сүйекпен көмкерілген тостағандар, кейін саптыаяқ, піспектер алынған екен. (Қасиманов, 1995).

Бұл бұйымды шеберлер ағаш жонатын станокпен қызыл қайыңнан жасаған. Алматы қаласындағы Орталық Мемлекеттік мұражайдың қорында жүк аяқтың бірнеше түрлері сақталған. Бұйымның көбісі қарапайым, сандық астына қоюға арналған. (Тұрғанбаева, 2011).

Тек қайсы бір түрлері шебердің талғамына байланысты оймыштар мен сүйек пластинкалармен безендірілген. Мәселен, Қарағанды облыстық мұражайындағы Қарқаралы ауданының шеберлері жасаған жұқаяқтарда ескі желіде қасқыр құлағы оймышталып келтірілген. Жалпы алғанда Қазақстанның барлық аймақтарында мұндай бұйымның жасалу бір келкі, сыртқы тұрқы ұқсас, көркемдеу тәсілі бірыңғай болып келеді.

Қазақ халқының көнеден келе жатқан үй жиһаздарының бірі – асадал. Айта кететін жайт асадал Қазақстанның барлық аймақтарында кездесе бермейді, тек бұрыннан отырықшылыққа бейімделген аймақтарда кеңінен тараған, Маңғыстау өңірінен мүлдем кездестіре алмадық. Жалпы жиһаздың көлемі жағынан ауқымды, көшіп-қонуға ыңғайсыз. Асадал көбіне көп ұсталмайтын ыдыс-аяқтарды салып қоюға арналған. Сонымен қатар үй иесі өз қажетіне қарай оған қымыз ішетін ыдыстар, болмаса құрғақ дәнді дақылдар салып сақтаған. (Кәмәләшұлы, 2006).

Шымкент тарихи-өлкетану мұражайындағы Түркістан ауданының тұрғыны Беркінбаева Асылхан тапсырған төменгі жағында суырмасы бар екі қақпақты асадал күнделікті ыдыс-аяқтар салып қоюға арналған. XIX ғасырға жатқызылатын бұл асадал Беркінбаеваның шешесінен мұра болып қалған екен. Осы мұражайда екінші бір асадал 1950 жылы қабылданып алынған. Оның жоғарыдағы асадалдан айтарлықтай өзгешелігі жоқтың қасы. Қарқаралы ауданының ағаш шебері қошқар мүйізі өрнектерімен оймышталған, сүйекпен, пластинкалармен безендіріп жасаған асадал да Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану мұражайында сақталған. Асадалдыңтағыбіререкше түрі Өскемен тарихи-өлкетану мұражайында сақталған. Бұйымның басқа асадалға қарағанда тұрқы онша биік емес, ішкі жағы екі бөліктен тұрады. Мұражай қызметкерлері этнографиялық зерттеу жұмыстарының нәтижесінде бір отбасынан алған, екі қақпасы болған, бір сақталмаған. Айта кететін жайт ағаш шебері бұйымды өте қатты ағаштың түрінен жасаған. Жақтаулары жұқа күйдіріліп түскен сүйек пластикалармен безендірілген, пластинка беті мүйіз тектес ою, ұсақ ноқаттар бейнеленген.

Көшпелі қазақтардың тұрмысындағы үй жиһаздың бірі – әбдіре. Жиһаз Қазақстанның барлық өңірлерінде кездеседі, тек кейбір аймақтарда бұйымның атауы басқаша айтылып жүр. Бұйымның бір ерекшелігі қақпағы жоғары жағынан ашылып жабылады, алдыңғы екі жақтауы 7-12 см. шығыңқы болып келеді, қақпағында құлып салатын кекілі болады, Маңғыстау халқы осылай деп атайды. Әбдіре Маңғыстау қазақтары арасында кеңінен таралған, осы күнге дейін кейбір отбасыларынан кездестіруге болады. Бұйымға көп күнделікті тұрмыста қолданбайтын бұйымдарды сақтайды. Маңғыстау өлкесін арнай аралаған

Р.Карутц мұндай әбдіреге қазақтар көшкен кезде емшектегі ғана емес, үлкен балаларын да салып алатындығын және мұндай бұйымдар атадан балаға мұра болып сақталынып отыратындығын жазды (Карутц, 1910б:80).

Қорытынды

Қазіргі таңда музейлерде XIX ғ. және XX ғасырдың басында ұқсатылған ағаш жәдігерлер сақталған. Қазақстанның әр аймақтарынан төсек ағаш, кебеже, әбдіре, сандық, абажа т.б. небір үлгілері сақталған. Мақалада қазақтың дәстүрлі ағаш бұйымдардың ұқсатылуы, оймыштау өнеріне кеңінен тоқталдық. Сонымен қатар,

кейбір ағаш бұйымдардың фото суреттерімен толықтырдық. Халқымыздағы ағаш ұқсату өнері бүгінгі таңда біршама үзілістен соң қайта жаңғыруда. Сол себепті бұл мәселені қазақтың қолданбалы өнер жүйесінде кешенді зерттеуге мол мүмкіндік туып отыр (Taylor, Shalabayeva, 2020).

Біздің зерттеуіміз ағаш оймыштау өнерінің қазақ халқы тарихының жарқын беттері екенін көрсетті. Ағаш оймыштау өнеріндегі образдар, олардың шығу тектері, типологиясы алдағы уақытта жалпы ғылыми, мәдени міндеттерді шешуге, тарихи-мәдени мұраларды сақтауға, халық өнерін қолдану мен насихаттауға үлкен ықпал етпек.

Әдебиеттер

- Алекторов А.Е. (1893). Очерки Внутренней киргизской орды //Известия Оренбургского отдела Русского географического общества. Вып. II. 25 с.
- Арғынбаев Х. (1987). Қазақ халқының колөнері: Ғылыми-зерттеу еңбек. Алматы: Өнер. 128 б.
- Глаудинов Б. (1999). История архитектуры Казахстана (с древних времен до начала XX века) Том I. Алматы. 236-239 бб.
- Залесский Б.Ф. (1991). Қазақ сахарасына саяхат. Жизнь казахских степей /Пер. с франц. Алматы: Өнер. 109-128 бб.
- Ибраева К. (1994). Казахский орнамент. Алматы «Өнер» . 29 б.
- Карутц Р. (1910а). Среди киргизов и туркменов на Мангышлаке. Санкт-Петербург: Изд. А.Ф. Девриена. 79 с.
- Карутц Р. (1910б). Среди киргизов и туркменов на Мангышлаке. Санкт-Петербург: Изд. А.Ф. Девриена. 80 с.
- Карутц Р. (1910в). Среди киргизов и туркменов на Мангышлаке. Санкт-Петербург: Изд. А.Ф. Девриена. 175 с.
- Кәмәләшұлы Б. (2006). Қазақтың байырғы баспаналары, үй-жиһаздары, ұлттық киім-кешек, ыдыс-аяқ, ас-сусын, тамақ-тағамдарына қатысты салт-дәстүрлері. Алматы: «Өнер» баспасы. 152 б.
- Қасиманов С. (1995). Қазақ халқының колөнері. Алматы: Қазақстан. 240 б.
- Маргулан Х.А. (1986). Казахское народное прикладное искусство. Алма-Ата, Т. 1. 22 с.
- Махова Е.Н., Чепелевская Г.Л. (1959). Выставка декоративного искусства казахского народа //СЭ. Академии наук СССР. С. 115-124.
- Тұрғанбаева Л. (2011). Заттар дүниесінің сыры. Алматы. 145-146 бб.
- Харузин Н. (1896). История развития жилища у кочевых и полукочевых тюркских и монгольских народностей России //Этнографическое обозрение. № 1. 62 с.
- Янушкевич А. (1966). Дневники и письма из путешествия по казахским степям. Алма-Ата: Казахстан. 115 с.
- Egizbayeva, M., Zhumatayev, R. (2014). Decorative and Applied Art of the Kazakhs Tarbagatai. Procedia-Social and Behavioral Sciences, 122, 236-239.
- Taylor P.M., Shalabayeva G. (2020). Kazakhstan Craft's and Creative Economy. Proceedings of an International Symposium. Washington. 18-27.

References

- Alekторов А.Е. 1893. Oчерки Vnutrennej kirgizskoj ordy [Essays on the Inner Kyrgyz Horde]. Proceedings of the Orenbursk Department of the Russian Geographical Society. Release II. 25.
- Argynbayev, K. 1987. Kazak halkynyn koloneri [Crafts of the Kazakh people]. Research work. – Almaty:Art. 128.
- Egizbayeva M., Zhumatayev, R. (2014). Decorative and Applied Art of the Kazakhs Tarbagatai. Procedia-Social and Behavioral Sciences, 122, 236-239.
- Glaudinov B. 1999. Istoriya arhitektury Kazahstan (s drevnih vremen do nachala XX veka) Tom I [History of architecture of Kazakhstan (from ancient times to the beginning of the XX century) Volume I]. Almaty. 236-239.
- Ibrayeva K. 1994. Kazahskij ornament [Kazakh ornament]. Almaty: Art. 29.
- Kamalashuly B. 2006. Kazaktyn bayirgy baspanalary, ui-zhihazdary, ulityk kiim-keshek, ydys-ayak, as-susyn, tamak-tagam-daryna katysty salt-dasturleri [Ancient Kazakh dwellings, furniture, national costumes, dishes, food, food traditions]. Almaty: Art. 152.
- Karutz R. (1910a). Sredi kirgizov i turkmenov na Mangyshlake [Among the Kirghiz and Turkmens on Mangyshlak]. Saint-Peterburg: Publications A.F.Devriena. 79.
- Karutz R. (1910b). Sredi kirgizov i turkmenov na Mangyshlake [Among the Kirghiz and Turkmens on Mangyshlak]. Saint-Peterburg: Publications A.F.Devriena. 80.
- Karutz R. (1910c). Sredi kirgizov i turkmenov na Mangyshlake [Among the Kirghiz and Turkmens on Mangyshlak]. Saint-Peterburg: Publications A.F.Devriena. 175.

- Kasimanov S. 1995. Kazak halkynyn koloneri [Crafts of the Kazakh people]. Almaty: Kazakhstan. 240.
- Kharuzin N. 1896. Istoriya razvitiya zhilishcha u kochevyh i polukochevyh tyurkskih i mongol'skih narodnostej Rossii [The history of the development of housing among the nomadic and semi-nomadic Turkic and Mongolian peoples of Russia]. Ethnographic review. No. 1. 62.
- Makhova K.N., Chepelevetskaya, G.L. 1959. Vystavka dekorativnogo iskusstva kazahskogo naroda [Exhibition of decorative art of the Kazakh people]. USSR Academy of Sciences. 115-124.
- Margulan K.A. 1986. Kazahskoe narodnoe prikladnoe iskusstvo [Kazakh folk applied art]. Alma-Ata, T.1. 22.
- Taylor P.M., Shalabayeva G. (2020). Kazakhstan Craft's and Creative Economy. Proceedings of an International Symposium. Washington. 18-27.
- Turganbayeva L. 2011. Zattar duniesinin syry [The secret of the material world]. Almaty. 145-146.
- Yanushkevich A. 1966. Dnevnik i pis'ma iz puteshestviya po kazahskim stepyam [Diaries and letters from a journey through the Kazakh steppes]. Alma-Ata: Kazakhstan. 115.
- Zaleskiy B.F. 1991. Kazak saharasyna sayahat. ZHizn' kazahskih stepej [A trip to the Kazakh Sahara. A life of the Kazakh steppe]. Translated from French. Almaty: Art. 109-128.